

**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде
2021-2022 оқу жылын аяқтау және
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімін
бекіту туралы**

Түркістан облысы, «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 27.04.2022 жылғы №57н/қ санды хатын басшылыққа алып орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте оқу сабақтарының аяқталуы 2022 жылғы 25 мамыр деп белгіленсін.
2. Негізгі орта мектеп курсын бітіруші 9-сынып оқушылары қорытынды бітіру емтихандарын 2022 жылғы 28 мамыр-6 маусым аралығында тапсырсын.
3. Жалпы орта мектеп курсын бітіруші 11-сынып оқушыларының мемлекеттік емтихандарын 2022 жылғы 27 мамыр-10 маусым аралығында тапсырсын.
4. Қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімі санитарлық талаптарды сақтай отырып мынадай бекітілсін:
 - 1) Қазақ/өзбек (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан 2022 жыл 28 мамырда;
 - 2) Математика (Алгебра) пәні бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2022 жылғы 31 мамырда;
 - 3) өзбек сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмалар орындау) және қазақ тілінде оқитын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмалар орындау) 2022 жыл 3 маусымда;
 - 4) Таңдау пәндері: 9 «А»-сынып оқушыларының өз таңдаулары негізінде Физика пәнінен, сәйкесінше 9 «Б»-сынып оқушылары География пәнінен 2022 жылғы 6 маусымда.
 5. 11-сынып білім алушылары үшін мемлекеттік емтихандарды тапсыру мерзімі санитарлық талаптарды сақтай отырып төмендегідей бекітілсін:
 - 1) Алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан 2022 жылғы 27 мамырда.
 - 2) Қазақ/өзбек (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан 2022 жылғы 30 мамырда;
 - 3) Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан 2022 жылғы 2 маусымда;
 - 4) өзбек сыныптарында қазақ тілі мен әдебиетінен, қазақ тілінде оқитын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан 2022 жыл 7 маусымда;
 - 5) Таңдау пәндері: 11 «А»-сынып оқушыларының таңдаулары бойынша Биология пәнінен, 11 «Б»-сынып оқушыларының өз қалаулары бойынша Дүниежүзі тарихы пәнінен жазбаша емтихан 2022 жылы 10 маусымда;
 6. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында «Жазғы мектеп»те оқыту ұйымдастырылсын.
 7. «Жазғы мектеп»те сабақтардың өтілу кестесін әзірлеу оқу ісі меңгерушісі С.Ахмедова мен С.Мирзахановтарға жүктелсін.
 8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



М.Изатуллаева